

## Мектеп тарихы

Созақ ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі №110 қаулысы бойынша «Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Шолақорған» жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Нәзір Төрекұлов атындағы ІТ-мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып, қайта құрылған.

Мектеп-лицейде қазіргі таңда жалпы 0-11 сыныптарда 1552 оқушы оқиды. Оның ішінде бастауыш 594, МАД тобы-106, негізгі-671, жоғары-181 оқушы оқиды.

Қазіргі таңда жалпы 166 педагог, оның ішінде 1 шебер, 63 зерттеуші, 21 сарапшы, 22 модератор білім беріп келеді.

2024 жылдың ақпан айынан бастап кәзіргі күнге дейін Нәзір Төрекұлов атындағы атындағы ІТ-мектеп-лицейінде Байс Мамырғали Құрманбекұлы директорлық қызметін атқарып келуде.

Қазіргі таңда мектептің әдістемелік құрамына 12 пән бірлестігі жұмыс атқарды. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және шығармашылықпен жұмыс істеу бағытында төмендегідей бірлестіктер жұмыс істеп келеді.

1. Қазақ тілі
2. Орыс тілі,
3. Ағылшын тілі.
4. Бастауыш сынып.
5. Химия, биология
6. Математика,
7. Физика, информатика
8. Тарих
9. География.
10. Дене шынықтыру, АӘТД
11. Көркем еңбек, музыка
12. МАД

Білім мекемесінде жұмыс жасайтын педагог кадрлардың 1-уі ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Б.Алтынсарин» медалінің, 3-уі ҚР білім беру ісінің үздігі» белгісінің, 1-уі ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасының», 3-уі «Алғыс хат» иелері.

Мектеп ұстаздары мен оқушылар аудандық, облыстық, республикалық түрлі білім сайыстарының, ғылыми жобалар жарыстарының, олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Мектептің мәжіліс залында білім алушылар мен мұғалімдер үшін түрлі мектепішілік, аудандық, облыстық пікірсайыс ойындары, дөңгелек үстелдер, семиналарлар, конференциялар өткізіліп тұрады. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында мектепте баскетбол, волейбол, футбол, тоғызқұмалақ, теннис, шахмат, дойбы және сурет салу шеберлігі, шешендік өнер, ақпараттық технологиялар бойынша пәндік үйірмелер жұмыс жүргізеді.

Білім алушылар үшін мектепте 1 лингофонды-мультимедиялық, 3 компьютерлік сынып оқу үдерісінде қолданатын компьютерлер, ноутбук, моноблоклар, нетбуктармен қамтамасыз етілген. Мультимедия кабинеттері,

интерактивті тақта қондырғылары, сонымен қатар, 2 спорт зал, 200 орындық мәжіліс залы, кітапхана, асхана, буфет жұмыс жасайды.

**Миссиясы:** Инновациялық ақпараттандыру кеңістігі арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде отбасы және мектеп коммуникативтілігін қалыптастыру.

**Пайымы:** Оқу мен оқытуды тәрбиемен сабақтастыру негізінде оқушылардың АКТ күзiреттiлiгiн өмiрде қолдану дағдысы мен зерттеушiлiк қабiлеттi, функционалды сауатты тұлға

**Құндылықтар:** Оқушыларды отансүйгiштiкке тәрбиелеу, азаматтық жауапкершiлiк қалыптасқаны, үлкенге құрмет, кiшiге iзет көрсететiн құндылығы қалыптасқан тұлға

### **Мақсаттары:**

#### **Мектепті дамытудың басым бағыттары**

1. Білім жетілдірудің, таным белсенділігін арттырудың жолдары ретінде оқушылар мен мұғалімдер қосымша білім платформаларын, аралас және гибридті оқытуды жан-жақты қолдана алу;
2. Заманауи оқытуды ақпаратты техникамен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру жолдары қарастырылады.
3. Білім беру жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту және мектеп педагогының мәртебесін арттыру;
4. Білім беру мазмұнын жаңарту және оқушыларды тәрбиелеу арқылы білім беруді жаңғырту;
4. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету